

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ  
барлық дауыс беретін акцияларын иеленетін  
тұлғаның 2016 жылғы «01» тамыздан  
шешімімен  
(№ 28/16 хаттама) («Самұрық-Қазына» АҚ  
Басқармасының шешімі)  
**«БЕКІТІЛГЕН»**

**«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының  
Жарғысына №1 өзгерістер мен толықтырулар**

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ барлық дауыс беретін акцияларын иеленетін тұлғаның 2016 жылғы 22 сәуірдегі шешімімен (№13/16 хаттама) («Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімі) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Жарғысына (бұдан әрі – Жарғы) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Жарғының бүкіл мәтіні бойынша «Басқарма төрағасы», «Басқарма төрағасымен», «Басқарма төрағасының» сөздері ауыстырылып, тиісінше «Президенті (Басқарма төрағасы)», «Президентімен (Басқарма төрағасымен)», «Президентінің (Басқарма төрағасының)» сөздерімен толықтырылсын;
2. 112-тармақ өзгертіліп, мынадай редакцияда жазылсын:  
«122. ҚМГ Президенті (Басқарма төрағасы) және Басқармасының мүшелері үш жылға дейінгі мерзімге сайланады. ҚМГ Президентінің (Басқарма төрағасының) және Басқармасы мүшелерінің өкілеттік мерзімдері тұтас алғанда ҚМГ Басқармасының өкілеттік мерзіміне сәйкес келеді.».

**Президенті (Басқарма төрағасы)**



**С.Мыңбаев**

2016 жылдын 04 тамызы, мен, Майкенова Салтанат Нурлановна, Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетімен 14.04.2009 жылы берілген №0002480 лицензиясының негізінде қызмет етуші Астана қаласының жекеше нотариусы, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Президенті (Басқарма төрағасы) Мынбаев Сауат Мухаметбаевичтың қойған қолтаңбасының түпнұсқалығын куәландырамын. Өкілдің жеке басы анықталды. Оның әрекет қабілеттілігі және өкілеттілігі, сонымен қатар «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының құқық қабілеттілігі тексерілді.

Тізілімде № 1767 тіркелді

ҚР «Нотариат туралы» Заңының 30-1 б сәйкес өндірілді: 212 теңге

Нотариус:



